

EPIZOOTOLOGY OF ECHINOCOCCOSIS ANIMALS IN SOME REGIONS OF KAZAKHSTAN

Annotation

Monitoring of the epidemiological situation on echinococcosis of farm animals in western and southern regions of Kazakhstan. In the southern regions of Kazakhstan, where the Almaty, Zhambyl and South Kazakhstan regions the proportion of infected cysts of echinococcosis high among cattle, respectively, 30.4%, 57.5%, 30.4%, among the sheep - 20% 70% and 66.6% among goats - 20.2%. The highest rate of infection of echinococcosis among all farm animals set in the South Kazakhstan region.

Keywords: echinococcus, cyst, cattle, sheep, goats, helminthology, invasion.

ӘОЖ 619:616:084

Дінмұхамбетқызы А., Сиябеков С.Т., Турыспаева Ш.Д., Ахметова М.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ТЫНЖЫТАС АУРУЫНЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Алматы қаласындағы Жетісу ауданында орналасқан, «Барыс» ветеринариялық емханасында жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері берілген. Осы мекемеде клиникалық тәжірибеден өтіп жүрген кездегі емханаға түскен ауру иттерді несеп жүйесі ауруларына тексеріс жүргізілген зерттеулер нәтижелері көрсетілген.

Кілт сөздер: тынжытас, рентген, рентгенография, пальпация, уретра.

Кіріспе

Малдәрігерлік салада жұқпалы емес ішкі аурулардың ішінде несеп жүйесі аурулары 10% құрайды. Осы аурудың салдарынан шаруа қожалықтарында, питомниктерде, ит, мысықтар арасында ауру кезіндегі экономикалық тұрғыдағы шығын өте жоғары. Сол аурулардың бірі иттер арасындағы жиі кездесетін тынжытас ауруы.

Несептас (тынжытас) ауруы (Urolithiasis) - организмде зат алмасуы бұзылуымен сипатталатын бүйрек астаушасында, қуықта және уретрада несеп тастары пайда болуымен және олардың шөгуімен қоса жүретін ауру.

Жоғарыдағы мағлұматтарды ескере келе иттердің арасындағы осы ауруға дер кезінде балаулық зерттеулер жүргізіп, малдәрігерлік көмек көрсетілмесе өлім-жітімге әкеліп соқтырады. Иттер арасында жылына 2 рет жоспарлы диспансеризация өткізіліп аурудың себептері анықталып дер кезінде сырқаттың алдын алу керек [1, 2, 3, 4, 5].

Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Алматы қаласы Жетісу ауданына қарасты «Барыс» ветеринариялық емханасында және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Клиникалық ветеринариялық медицина» кафедрасының ғылыми зертханасында жүргізілді.

«Барыс» ветеринариялық емханасындағы машықтану тәжірибесі кезінде емханаға түскен иттерді несеп жүйесі ауруларына қоса зерттеулер жүргізілді. Өйткені тәжірибе барысында емханадағы соңғы 3 жыл көлемінде зерттелген иттердің несеп жүйесі ағзаларының ауруымен ауырып емделгені жайлы мағлұматтар белгілі болды. Сондықтан клиникалық зерттеулерге тынжытас ауруымен ауырған иттерді алдық.

Тынжытаспен ауырған 22-і иттерді тереңірек тексеріп білу үшін жалпы клиникалық зерттеулерден басқада арнайы зерттеу тәсілдерінің мағлұматтарын алдық, оның ішінде рентгенография тәсілімен зерттеу қорытындысы және ауру иттерге жедел жәрдем көрсету үшін ота жасалу кезіндегі шайып алынған тастар пішіндері.

Ауру иттерді жалпы зерттеу тәсілдерін қолдана жүргіздік, олар: қарау, сипау, перкуссия және термометрия, ал арнайы зерттеу әдістерінен рентгенография тәсілін қолдандық.

Рентгенологиялық тәсіл несеп жүйесі ағзаларын арнайы зерттеуге арналған контрасты заттарды қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау


Зерттеу қорытындысы бойынша емханадағы иттердің тұқымына және жынысына байланысты тынжытас ауруымен ауыру динамикасы анықталды.

Бірінші кестеден көріп отырғанымыздай, тынжытас ауруы иттердің барлық тұқымдарында кездеседі. Олардың арасында ең жиі кездесетіні ұсақ тұқымды иттерде. Зерттелген 22 иттердің ішінде 17-і еркек, ал 5-і ұрғашы, яғни 22,7%-ын ұрғашы иттер құрайды. Кестеден байқайтынымыз тынжытас ауруы ұрғашы иттерге қарағанда еркек иттерде 3 есе көп кездеседі.

1-кесте – Иттердің тұқымына және жынысына байланысты тынжытас ауруымен ауру динамикасы

Иттердің тұқымы	жынысы		Тынжытас ауруына жалпы зерттелген иттер	
	еркек	ұрғашы	Жалпы саны	%
Неміс овчаркасы	3	1	4	18,8
Боксер	2	1	3	13,6
Доберман	1	-	1	4,5
Пудель	4	1	5	22,7
Ұсақ тұқымдар	7	2	9	40,9
Барлығы:	17	5	22	100

Зерттелген ауру иттерден жиі-жиі несеп бөлу кейпіне келуі, несептің аз мөлшерде тамшылап бөлінуі және несепте қанның түзілуі байқалды. Несеп бөлу кезінде иттердің ыңырсуы және иттер осы кезде үрейленіп алаңдауының барлығы тынжытас ауруының белгілері. Ауру иттерден алынған несепті микроскоп арқылы зерттегенде құрамында кілегей, лейкоциттер, эритроциттер, қуық эпителийлерінің көп екені және тұнбада несеп тастарының құрамына кіретін түрлі тұздардың кристалдары анықталды. Тамыр соғу санын зерттеген кезде оның жиілегені, яғни тахикардия байқалды, мөлшермен салыстырғанда минутына 130-140-тан аса жоғарылады, дене қызуы көтеріліп, 40-41С°-ты құрады, тыныс алу саны жиілеген. Пальпация кезінде ауру иттердің құрсақ қуысының қуық тұсында ауырсынуы байқалды, қуығы несепке толып кеткен. Біз бұл иттерді клиникалық зерттеу қорытындысы бойынша алдын ала тынжытас ауруына балау жасадық, осы балауымызды қорытындылау үшін ауру иттердің иелеріне рентгенологиялық зерттеуден өту керек екенін түсіндіріп жолдама жазып бердік. Рентгенологиялық зерттеуді ҚазҰАУ ветеринария факультетінде орналасқан «Айболит» ветеринариялық емханасында өтіп, рентгенограммалық кескіндерін алып келді.



1-сурет. Зерттелген ауру иттің құрсақ қуысының жанынан түсірілген проекциясы. Әр түрлі пішінді көлеңкелер қуықтағы ірі тастардың кескіні.

Бірінші суретте тынжытас ауруына зерттелген иттің құрсақ қуысының жанынан түсірілген проекциясы. Бұл суретте ауру иттің қуығындағы әр түрлі пішінді ірі тастардың көлеңкелерінің кескіні көрінеді. Клиникалық және рентгенологиялық зерттеу қорытындысы бойынша иттерге тынжытас ауруы деген диагноз қойылды. Осыған байланысты тынжытас ауруының алдын алу үшін иттерге қыдырту уақытын ұзартып, күнделікті рационндағы белокты заттарды азайтуды және несеп ағзаларының қабыну ауруларын дер кезінде емдеуді ұсынамыз.

Қорытынды

Тынжытас ауруына диагноз қою негізгі клиникалық белгілеріне байланысты: олар зәр бөлу кезіндегі ауырсынуы, ауру иттер жиі-жиі несеп бөлу кейпіне келеді бірақ несеп бөлінбейді, ит алаңдайды, демі жиіленеді, тәбеті төмендейді, дене қызуы көтеріліп, домбығулар пайда болады, бөлінген зәрде қан түзіледі (гематурия). Арнайы рентгенологиялық зерттеу кезінде қуықта әр түрлі пішінді тастардың жиналған кескіні анық байқалады.

Әдебиеттер

1. Сиябеков С.Т., Заманбеков Н.А., Қазиев Ж.И. «Жануарлар ауруларының клиникалық диагностика». Оқулық. «Агроуниверситет» баспасы Алматы, 2011 ж.
2. Есқоджаев Ө.К., Заманбеков Н.А., Молдагулов М.А. «Жануарлардың ішкі аурулары». Оқулық. «Агроуниверситет» баспасы Алматы, 2011 ж.
3. Александров В.П. Мочекаменная болезнь: лечение и профилактика. СПб.: Изд-во «Невский проспект», 2002. - 124с.
4. Белов А.Д., Данилов Е.П., Дукур И.И. и др. Болезни собак:/ Справочник. - 2001.- М. Агропромиздат, - 368 с: ил.
5. Бородулин Г.Г. Камни мочевого пузыря. Автореферат. Москва. 1998

Динмухамбеткызы А., Сиябеков С.Т., Турыспаева Ш.Д., Ахметова М.С.

ПРОФИЛАКТИКА И ДИАГНОСТИКА МОЧЕКАМЕННОЙ БОЛЕЗНИ

Аннотация

В данной статье опубликованы результаты проведенных научных исследований у 22 собак, поступивших в клинику «Барыс» г. Алматы. При применении общих клинических и специальных методов диагностики мочевыделительных органов, у исследуемых собак установлена мочекаменная болезнь. В связи с установленным диагнозом для профилактики мочекаменной болезни у собак рекомендованно увеличить время моциона, нормализовать рацион с уменьшением белковых кормов и своевременно лечить воспалительные процессы в мочевыделительных органах.

Ключевые слова: мочекаменная болезнь, рентген, рентгенография, пальпация, уретра.

Dinmykhambetkizi A., Siyabekov S.T., Turyspaeva Sh.D., Akhmetova M.S.

PREVENTION AND DIAGNOSIS OF UROLITHIASIS

Annotation

In this article published the results of the research of 22 dogs, which admitted to the clinic "Barys" in Almaty. In the supplementation of general and special clinical diagnosis methods urinary organs was urolithiasis disease, which was found from studied dogs. In connection with the diagnosis for the prevention of urolithiasis in dogs recommended increasing the time of motion, to normalize the diet with decreasing in protein feeds and timely treatment of inflammatory processes of urinary organs.

Keywords: urolithiasis, X-ray, radiography, palpation, urethra.

ӘОЖ 632:082.14

Ергешов С.Ж., Заманбеков Н.А., Оспанкулов А.

Қазақ ұлттық агралық университеті

ҚЫЗЫЛ МИЯ ЖӘНЕ КӘДІМГІ ӨГЕЙШӨП ӨСІМДІКТЕРІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ТҰНБАНЫҢ БҰЗАУЛАРДЫҢ ТЫНЫСТАНУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНА ҚАРСЫ ЕМДІК ӘСЕРІ

Андатпа

Мақалада қызыл мия және кәдімгі өгейшөп өсімдіктерінен дайындалған тұнбаның бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы емдік әсері туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеу барысында алынған деректер аталған өсімдіктерді кешенді түрде қолдану тыныстану жүйесі ауруларымен ауырған бұзауларға тиімді әсер ететіндігі және олардың салмақ қосу көрсеткіштерін айтарлықтай жоғарылатуға септігін тигізетіндігі нақты цифрлық мәліметтермен дәлелденген.

Кілт сөздер: өсімдік, тұнба, фитопрепарат, бронхопневмония, резистенттілік, доза.

Кіріспе

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жануарларының резистенттілігін арттыру, өсіп-даму функциясын жақсарту, сонымен қатар олардан сапалы, әрі жетілген төл алу және де Республика тұрғындарын сапалы мал өнімдерімен қамтамасыз ету қазіргі кезде мемлекетімізде ең бір өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы